

bonds2
by IQOS



Осы белгі құрылғыны пайдалану кезінде сақтық шараларын сақтау керектігін білдіреді.

ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

ЖАРАҚАТ АЛМАУ ҮШІН ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАМАС БҰРЫН, ӨТІНЕМІЗ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ БАРЛЫҚ ЕСКЕРТУЛЕР МЕН НҰСҚАУЛАРДЫ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.

Осы Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқаулар туындауы мүмкін барлық ықтимал жағдайларды көрсетпейді, сондықтан пайдаланушыларға құрылғыны пайдалану кезінде сақ болу ұсынылады.

ОСЫ ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАРДЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТТЫ ҚАМТИТЫНДЫҚТАН, ОЛАРДЫ КЕЙІНГІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

Осы Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқаулар **BONDS 2 by IQOS™** құрылғысына қатысты қолданылады.

Осы Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқауларға қатысты кез келген жаңарту туралы ақпарат алу үшін «Кепілдік» құжатында көрсетілген **IQOS** веб-сайтына кіріңіз.

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысы және ROUNDHEAT STICKS™ (ПАУНДХИТ СТИКС) қыздырылатын темекі таяқшалары, оның ішінде BLENDS™ қыздырылатын темекі таяқшалары (бұдан әрі мәтін бойынша — «ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшалары») заңнамада белгіленген жасқа толған адамдарға ғана арналған.
- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысы және ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшалары кез келген жағдайда темекі немесе никотин бар өнімдерді пайдаланатын заңнамада белгіленген жасқа толған адамдарға арналған.
- Балалар мен жасөспірімдер ешқандай жағдайда BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын және ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын пайдаланбауы керек.
- Осы құрылғы мүмкіндігі шектеулі адамдардың, сондай-ақ жеткілікті тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдардың, мұндай адамдар бақылауда болған немесе оларға құрылғыны пайдалану жөнінде нұсқаулар берілген және олар құрылғыны қауіпсіз пайдалануға байланысты қауіптерді түсінген жағдайлардан басқа кезде пайдалануына арналмаған.

ТЕМЕКІ ЖӘНЕ НИКОТИН

- ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларының құрамында тәуелділікті тудыратын никотин бар.
- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын және ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшалары денсаулық үшін қауіптерді жоймайды. Темекіге және никотинге байланысты денсаулыққа қауіпті төмендетудің ең жақсы тәсілі — темекі мен никотинді тұтынудан мүлдем бас тарту.
- Кейбір пайдаланушыларда жанама әсерлер болуы мүмкін, соның ішінде іштің немесе кеуденің ауыруы, тұншығу, жөтел, тыныс алудың қиындауы, бас айналу, ауыздың құрғауы, тамақтың құрғауы, гингивит, бас ауруы, әлсіздік, мұрынның бітелуі, жүрек айнуы, ауыздың тітіркенуі, жүрек соғысының жиілеуі, тамақтың тітіркенуі және құсу.
- Құрамында никотин бар өнімдерді жүрек аурулары, қант диабеті, эпилепсия, құрысулар немесе олардың пайда болу қаупі бар адамдар пайдаланбауы керек.
- Сонымен қатар құрамында никотин бар өнімдерді жүктілік немесе бала емізу кезінде пайдалануға болмайды. Егер сіз жүкті болсаңыз, жүктімін деп болжасаңыз немесе емізетін болсаңыз, сізге темекі мен никотинді тұтынудан мүлдем бас тарту керек.
- Егер сіз шылым шегуді тастасаңыз немесе BONDS 2 by IQOS™ құрылғысы мен ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларына немесе никотині бар басқа өнімдерге ауыссаңыз, сізге кейбір дәрілік препараттардың (мысалы, теофиллин, клозапин, ропинирол) қолданылатын жағдайда дозасын түзету қажет болуы мүмкін.
- Егер сізде жоғарыда көрсетілген қандай да бір симптомдар пайда болса немесе ағымдағы денсаулық жағдайында BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын және ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын пайдалану керек пе деген сұрақтар туындаса, дәрігермен кеңесу керек.

▲ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ



ЕСКЕРТУ

ТҮНШЫҒУ, ЖҰТУ ЖӘНЕ ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПИ

- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын және ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын әрқашан балалар мен жануарлардан алшақ жерде сақтаңыз.
- ТҮНШЫҒУ ҚАУПИ — BONDS 2 by IQOS™ құрылғысы, құрылғыларға арналған аксессуарлар және ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшалары ұсақ бөлшектерді қамтиды.
- ЖҰТЫП ҚОЮ ҚАУПИ — егер ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын жұтып қойса, никотинді улану қаупіне байланысты дереу медициналық көмекке жүгіну керек.
- ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПИ — ROUNDHEAT STICKS™ (Тиісті елде болған жағдайда) темекісіз стиктерін аспаңыз және стиктің құрамын ұстамаңыз. Стиктің құрамы теріге тиген жағдайда оны дереу сабынды сумен жуыңыз. Сстиктің құрамы көзге түскен жағдайда, оларды бірнеше минут бойы сумен жақсылап шайыңыз.



ЕСКЕРТУ

ЭЛЕКТР ТОГЫМЕН ЗАҚЫМДАЛУ ҚАУПИ

Осы Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқауларды сақтамау өртке, жарылысқа, электр тогының соғуына, өзінің және айналадағылардың жарақаттануына, құрылғыға немесе басқа мүлікке зақым келтіруіне әкелуі мүмкін:

- Электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған жерлерде BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын пайдаланбаңыз.
- Зақымдалған, ашылған немесе сынған BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын немесе аксессуарын зарядтамаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Аккумулятор ағып кеткен жағдайда, BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны тек үй ішінде зарядтаңыз, ол үшін 5В қауіпсіз ультра төмен шығыс кернеуі бар Қуат көзін пайдаланыңыз; 2A.
- Өндіруші мақұлдаған Зарядтау кабелін (жиынтыққа кіреді) және сертификатталған Қуат көзін пайдаланыңыз (сенімді өндірушіден бөлек сатып алынады). Зарядтау кабелі мен Қуат көзінің үйлесімділігі туралы толығырақ ақпаратты «Техникалық сипаттамалар» тарауынан табуға болады.
- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын температурасы жоғары жерлерде (мысалы, жазда автомобильде немесе радиаторлар мен ашық от сияқты жылу көздерінің жанында) пайдалануға, зарядтауға және сақтауға тыйым салынады.
- Тез тұтанатын материалдар, сұйықтықтар немесе газдар бар жерлерде BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын пайдаланбаңыз.
- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын, қуат беру блогын және қуат беру кабелін кез келген сұйықтыққа ұшыратпаңыз. BONDS 2 by IQOS™ құрылғысына және (немесе) оның аксессуарларына, егер олар суланған немесе сұйықтыққа батырылған болса, қол тигізбеңіз.

- Құрылғыны қандай да бір тазалағыш затпен тазаламаңыз.
- Құрылғыны жұмыс істеп тұрған кезде тазаламаңыз.
- Бөгде бөлшектердің (мысалы, шаң бөлшектері) жиналуын болдырмау үшін BONDS 2 by IQOS™ құрылғыларының зарядтау жалғағышын үнемі тазалап отырыңыз және жалғағышты қолданар алдында бөгде бөлшектердің бар-жоғын тексеріңіз.
- Қыздыру камерасында бөгде бөлшектердің (мысалы, шаң бөлшектерінің) жиналуын болдырмау үшін, пайдаланғаннан кейін құрылғының жүгірткі қақпағын жабыңыз, сондай-ақ ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын қолданар алдында қыздыру камерасында бөгде бөлшектердің бар-жоғын тексеріңіз.
- Құрылғыны ұқыпты түрде қолдану керек. BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын лақтыруға және оны қатты шайқауға тыйым салынады.
- Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін бөлшектер жоқ. BONDS 2 by IQOS™ құрылғыларының қандай да бір құрамдас бөліктерін ашуға, өзгертуге, қызмет көрсетуге, бөлшектеуге немесе жөндеуге немесе кез келген құрамдас бөліктерді немесе батареяны ауыстыруға тырыспаңыз.
- Құрылғы шамадан тыс суық, жылу немесе ылғал әсеріне ұшыраса, оны қолданбаңыз.
- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысына және (немесе) оның аксессуарларына қызып кету, ұшқын шығару, түтін шығару, тұтану немесе жану жағдайында қол тигізуге болмайды. Бұл жүзеге асырылуы мүмкін болса, құрылғыны қуат көзі желісінен ажырату немесе сөндіру кезінде абай болыңыз.
- Қыздыру камерасына ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларынан басқа қандай да бір заттарды салуға тырыспаңыз.
- Бұл құрылғыны 0 °C-тан 40 °C-қа дейінгі температурада пайдалану ұсынылады.
- ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшалары тек бір рет қолдануға арналған: оларды қайта қолдануға, сіріңкемен, оттықпен немесе кез келген от көзімен жағуға болмайды.
- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын және (немесе) оның аксессуарын басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға тыйым салынады.



ЕСКЕРТУ

**АККУМУЛЯТОРМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ ҚАУІПТЕР**

BONDS 2 by IQOS™ құрылғысы қымтаулы литий-ионды (Li-ion) аккумулятордан қуат алып жұмыс істейді. Аккумулятордан сұйықтықтың аққанын байқасаңыз, келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Аккумулятордан ағып жатқан сұйықтықты жұтып қойсаңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Өздігіңізден құсуға тырыспаңыз, ештеңе жемеңіз және ішпеңіз.
- Аккумулятордан ағып жатқан сұйықтықтың буларын деммен тартқан кезде таза ауамен тыныс алыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.
- Аккумулятор сұйықтығы теріге тиген жағдайда, терінің зардап шеккен аймағын, соның ішінде қолыңызды жуыңыз, бірақ көзге тигізбеңіз.
- Аккумулятор сұйықтығы көзге түскен жағдайда

көзіңізді дереу таза ағынды сумен кем дегенде 15 минут бойы шайыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

ТЕРМИЯЛЫҚ КҮЙІК ҚАУІПТЕРІ

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі осы ескертулер мен нұсқауларды сақтамау термиялық күйікке әкелуі мүмкін:

- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын және ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын таза, құрғақ және салқын жерде сақтаңыз.
- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысы мен ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын жоғары ылғалдылықтың немесе тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Қатты қыздырудың немесе ылғалдылықтың әсеріне ұшыраған ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын қолданбаңыз.
- Пайдалану кезінде ROUNDHEAT STICK™ темекі стикін айналдырмаңыз немесе шығармаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

АЛЛЕРГИЯЛЫҚ РЕАКЦИЯНЫҢ ДАМУҚАУПІ

• BONDS by IQOS™ құрылғысын және ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын пайдалану аллергиялық реакцияны тудыруы мүмкін, мысалы, беттің, еріннің, тілдің, қызыл иектің, тамақтың немесе дененің ісінуі, тыныс алудың қиындауы немесе қырылдар.

• Егер жоғарыда аталған симптомдардың кез келгені пайда болса, BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын және ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын пайдалануды тоқтатыңыз да, дереу медициналық көмекке жүгініңіз, себебі олар ауыр аллергиялық реакцияны көрсетуі мүмкін.

• Кейбір ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларында кейбір пайдаланушыларда аллергиялық реакциялар тудыруы мүмкін өсімдік тектес компоненттер болуы мүмкін. Аллергиялық реакцияға әкелуі мүмкін айқас ластану қаупін азайту үшін BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын басқа пайдаланушылармен бірге пайдаланбаңыз.

ROUNDHEAT STICKS™ ТЕМЕКІ ТАЯҚШАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

• BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын тек ROUNDHEAT STICKS™ құрылғылары үшін арнайы жасалған ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларымен пайдаланыңыз.

• ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын басқа IQOS™ құрылғыларымен пайдаланбаңыз, себебі бұл жарақат келтіруі немесе сіздің құрылғыңызға зақым келтіруі мүмкін.

• Ешқашан шылым немесе ұқсас өнімдері бар BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын пайдаланбаңыз. Бұл жарақат келтіруі немесе сіздің құрылғыңызға зақым келтіруі мүмкін.

• ROUNDHEAT STICKS™ темекі стиктерін өзгертпеңіз немесе оларға ешқандай зат қоспаңыз. Бұл жарақат келтіруі немесе сіздің құрылғыңызға зақым келтіруі мүмкін.

• Әрқашан ROUNDHEAT STICKS™ темекі стиктерін жергілікті қайта өңдеу талаптарына сәйкес пайдаланғаннан кейін салқындағаннан соң, қайта өңдеңіз.

- Құрылғыны пайдалану кезінде сүзгінің құрылғының сыртында орналасқан бөлігін жаппаңыз.
- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын ROUNDHEAT STICKS™-тен басқа кез келген басқа темекі стиктерімен пайдалану жарақат келтіруі немесе құрылғыңызға зақым келтіруі мүмкін және біз берген кепілдікпен қамтылмайды. Philip Morris Products S.A. үшінші тараптардың BONDS 2 by IQOS™ құрылғысының ROUNDHEAT STICKS™ темекі стиктерінен басқа кез келген басқа темекі стиктерімен үйлесімділігі туралы мәлімдемелеріне қатысты ешқандай тексеру жүргізбеді және оларды ортақ пайдалануды мақұлдамады.
- BONDS 2 by IQOS™ құрылғысының барлық артықшылықтарын пайдалану үшін бұл құрылғыны тек ROUNDHEAT STICKS™ темекі стиктерімен пайдаланыңыз. Philip Morris Products S.A. компаниясы ROUNDHEAT STICKS™ темекі стиктерінен басқа кез келген басқа темекі стиктері бар BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын пайдаланудың артықшылықтары туралы үшінші тараптардың мәлімдемелеріне қатысты ешқандай тексеру жүргізген жоқ.

ТҰТЫНУШЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІНЕ БОЛЖАМДЫ ӘСЕР ЕТУ НЕМЕСЕ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

- Егер BONDS 2 by IQOS™ құрылғысын және (немесе) ROUNDHEAT STICKS™ темекі таяқшаларын пайдалану сіздің денсаулығыңызға теріс әсер етсе, дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Сіз кез келген қолайсыз тәжірибе немесе оқыс оқиға туралы жергілікті қолдау қызметіне тікелей хабарлай аласыз. Қолайсыз тәжірибе немесе оқиға туралы хабарлау арқылы сіз осы өнімнің қауіпсіздігі туралы толығырақ ақпарат беруге көмектесесіз.
- Қазақстан Республикасындағы тұтынушылар үшін қосымша мәліметтерді kz.IQOS.com сайтынан, Қырғыз Республикасындағы тұтынушылар үшін — www.IQOS.com сайтынан қараңыз, Тәжікстан Республикасы үшін www.IQOS.com сайты қолжетімсіз болуы мүмкін.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Құрылғы:

BONDS 2 by IQOS™

Үлгісі: M0051

Салмағы: 88 г IP67

Аккумулятор типі: литий-ионды қайта зарядталатын аккумулятор

Кіріс кернеуі: 5В  2A

Малайзияда жасалған.

Бұл жиынтыққа осы Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқауларда тізімделген құрылғылардың бәрі бірдей кірмейді.

Қуат беру блоктарының үйлесімділігі туралы ақпарат:

Мысалы, үлгілер: S82A40, S82A41, S82A42, S82A43, S82A45, S82A46

Кіріс кернеуі: 100 В-240 В ~ 50-60 Гц 0,3 А

Шығыс кернеуі: 5,0 В  2,0 А

Жиынтықтағы зарядтау кабелімен бірге пайдаланыңыз
Зарядтау кабелі C түрі – C түрі

Қытайда жасалған

BONDS 2 by IQOS™ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ
Еуропа Одағы мен Еуропалық экономикалық аймақ үшін жарамды



Құрылғыдағы немесе оның қаптамасындағы бұл белгі осы құрылғы мен оның жеке бөлшектерінің (аккумуляторларды қоса алғанда) басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратылмайтындығын білдіреді. Оның орнына, пайдаланылған жабдықты электрлік және электрондық құрылғыларын қайта өңдеуге арналған арнайы қабылдау пункті арқылы істен шыққан құрылғыны кәдеге жаратуыңыз керек. Істен шыққан қондырғыны бөлек жинау және кәдеге жарату (аккумуляторлармен қоса) табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі және адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етеді. Істен шыққан қондырғыны сұрыпталмаған тұрмыстық қалдық ретінде кәдеге жарату (мысалы, оны өртеу немесе үйіндіге шығару) қоршаған орта үшін және адам денсаулығы үшін жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін. Құрылғыны қайта өңдеуге қайда өткізе алатындығыңыз туралы қосымша ақпаратты алу үшін жергілікті әкімшілікпен байланысыңыз.

АККУМУЛЯТОРДЫ ШЫҒАРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
(КӘДЕГЕ ЖАРАТУ МЕН ҚАЙТА ӨНДЕУ ҮШІН)

Тұтынушыға аккумуляторды құрылғыдан шығаруға тыйым салынады. Құрылғының қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін келесі қадамдарды орындап, аккумуляторды тек уәкілетті ұйым шығара алады.

BONDS 2 by IQOS™ құрылғысы (M0051 үлгісі):

- 1 қадам: Бөлшектеудің алдында құрылғыны толығымен токтан ажыратыңыз.
- 2 қадам: Силикон тығыздағышты қолмен алып тастаңыз және бұрандаларды бұрағышпен алыңыз.
- 3 қадам: Зарядтау жалғағышы бар USB блогын жылжытыңыз.
- 4 қадам: Металл корпусы қолмен алыңыз.
- 5 қадам: Бекіткішті (сарт етіп жабылатын) қолмен алыңыз.
- 6 қадам: Аккумулятор жалғағышын оқшаулағыш құралмен ажыратыңыз.
- 7 қадам: Аккумуляторды қолмен алып тастаңыз және оны жергілікті ережелерге сәйкес тастаңыз.

СӘЙКЕСТІКТІ РАСТАУ

Зарядтау кабелінің дайындалған күні қаптамада көрсетілген. Жарамдылық мерзімі орнатылмаған.

Құрылғының дайындалған жылын анықтау үшін қолдау қызметінің телефоны бойынша қоңырау шалып, құрылғының артқы панеліне жазылған 14 таңбалы әріп-сандық кодты хабарлаңыз.

Осы элементтердің қайсысы сіздің BONDS 2 by IQOS™ темекі қыздыру жүйесінің жиынтығына кіретіні туралы ақпаратты қаптамадан таба аласыз.

BONDS 2 by IQOS™ электрлік темекі қыздыру жүйесі элементтерінің қызмет ету мерзімі сатып алынған күннен бастап 12 айды құрайды.

Сақтау шарттары: құрғақ, желдетілетін қоймалық үй-жайларда, 0 °C-тан +60 °C-қа дейінгі температурада, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 10%-дан 90%-ға дейін болатын жағдайда. Жұмыс температурасының диапазоны 0 °C-тан 40 °C-қа дейін.

Дайындаушы беретін Сапа Кепілдігі туралы ақпарат Кепілдік Талонында болады.

Қазақстан Республикасы үшін Импорттаушы, жеткізуші және тұтынушылардың шағымдарын қабылдайтын ұйым: «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС, Илияс Жансүгіров көшесі, 90, Өтеген батыр ауылы, Іле ауданы, Алматы облысы, Қазақстан Республикасы, B40A6M8.

Осы құжатта Қазақстан Республикасындағы тұтынушыларға арналған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде.

“Philip Morris Products S.A.” тапсырысы бойынша жасалған, Кэ Жанрено 3, 2000, Ньюшатель, Швейцария.

© 2025 Copyright Philip Morris Products S.A.

